



АЛАТАУ

Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№7(17) 16 ақпан 2024 жыл

Қайсарлықтарыңыз жастарға үлгі

Құрметті кешегі Ауған соғысының қайсар да, қайтпас ұландары, бүгінгі ардагерлер!

Зымыраған уақыт деген дүниенің иіріммен жүріп бүгін Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толғанына куә болып отырған жағдайымыз бар.

Ауған соғысы – Кеңес Одағы тұсындағы тарихтың қайғылы беттерінің бірі. Кеңес Одағы басшыларының шағын тобы Ауғанстанға Кеңес әскерін енгізу туралы шешім қабылдағаны анық. Сол шешім негізінде 1979 жылы 27 желтоқсанда КСРО әскерлері Ауғанстан шекарасына өтіп, 1989 жылдың 15 ақпанына дейін, 10 жылға жуық соғыс қимылдарын жүргізді. Бүгінгі күн биігінен өткенге көз салсақ, бұл Кеңес Одағы тара-

пынан жасалған ең үлкен саяси қателік болғанын бүгін мойындап отырмыз.

Бұл соғыстың шарпуы біздің өңірге де тигені анық. Ауған соғысына біздің өлкеден де азаматтар қатысып, әскери борышын өтеді. Шайқас барысында жеңіс пен жеңіліс, ерлік пен орны толмас шығындар да болғанына соғыс тарихының шежіресі куә. Көптеген жерлестеріміз, сол тұстағы балаң жігіттер, осы соғысқа қатысып, біразы Ауған жерінде қаза тапты.

Құрметті ардагерлер, сіздердің ерлікке толы өткен жолдарыңызға көз сала отырып, Отан алдында атқарған борыштарыңыздың адал болғанын мойындаймыз.

Уақыт өткен сайын Ауғанстандағы он жылға жуық созылған соғыс тарих бедерінде біртіндеп алыстай түсуде. Со-

лай десек те, Ауған соғысына қатысқан жауынгерлердің қай-қайсысы да азаматтық борыштарын орындау жолында қайсарлық пен қаһармандықтың үлгісін көрсеткені, уақыт өткен сайын олардың ерлікке толы тар жолдағы тайғақ кешкен жылдары тарих беттерінде жаңғырмаса, өшпек емес. Олардың ерлік жолдары кейінгілерге өнеге, еліне ұран болып қалары анық.

Құрметті ардагерлер! Тағы да мерекелеріңіз құтты болсын. Кешегі сарбаздың, бүгінгі ардагердің әрқайсысына ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, адами бақыт тілеймін.

Е.ТҰРЫМБЕТОВ,
Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы,
Алматы облысының Құрметті азаматы

Ардагерлердің кезекті отырысы

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР САРАЛАНДЫ

Қаңтар айының соңғы күндері «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының президиум отырысы болып өтті. Президиумның күн тәртібінде бастауыш ұйымдардың рөлін арттырудағы Балқаш, Еңбекшіқазақ, Талғар аудандарындағы ардагерлер кеңестерінің жұмысын саралау, «Алатау ардагері» газетіне жазылу барысы және ауыспалы «Аялы әже» символын Жетісу облысына ресми тапсыру секілді үш мәселе қаралды.

Бұл күнгі отырысқа Жетісу облысы Кербұлақ аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Рыспеков Бөкен Қабиұлы қатысты.

Бірінші болып сөз алған Балқаш аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Бақыт Скабаев өз баяндамасында құрамына 3425 зейнеткерді біріктіретін Балқаш

араласады. Айталық, елімізде өткізілген референдумда, ҚР Президентін және Парламент Мәжілісінің депутаттарын сайлау науқанында ардагерлер жоғары белсенділік көрсеткен. Сол сияқты 2023 жылы пилоттық жоба бойынша Балқаш ауданының әкімін сайлау бірінші рет өткізілді. Бұл сайлауға ауданның бастауыш ардагер-

тынасты жастарға ұғындыру, тұлғаны қалыптастыру туралы ой-пікірлермен бөлісу. Еңбекшіқазақ аудандық ардагерлер ұйымы үшін 2023 жылы Есік қаласында Алматы облысы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен зейнеткерлер үшін сауықтыру орталығының ашылғаны үлкен қуаныш болды. Бүгінде бұл орталықта егде жастағы адамдарға тегін білім беріліп, психологиялық, медициналық-әлеуметтік, салауатты өмір салтын ұстану жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі.

Үшінші болып сөз алған Талғар аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Матан Рахымбергелұлы Бекбосынов өзінің баяндамасында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауы мен басқа да бағдарламалық мақалаларында ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша бірқатар жұмыстардың атқарылғандығын атап өтті.

Матан Рахымбергелұлы аудан ардагерлерінің ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жастарға патриоттық тәрбие берумен қатар спорттық шараларға да белсене қатысатындығын айтты. Мәселен, Талғар ауданының Құрметті азаматы, спорт ардагері, Талғар қаласында ең алғаш болып классикалық күресті ұйымдастырушы Анатолий Федорович Никифоровтың рухына арналған жасөспірімдер арасында грек-рим күресінен жарыс ұйымдастырылған. Аудандық ардагерлер ұйымы аудан әкімдігінің спорт бөлімімен бірлесе отырып, республикалық спорт күніне орай 17 тамызда Талғар қаласындағы Жеңіс саябағында тоғызқұмалақ, шахмат, дойбыдан жарыс өткізген. Өткен жылдың 27 қыркүйегінде Панфилов ауылдық округінде қарттар мерекесіне орайластырылып, алғаш рет көкпар ұйымдастырылды. Бұл ұлттық жарысты қызыға тамашалаған ақсақалдар ұйымдастырушыларға шынайы ризашылықтарын білдірді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе - «Алатау ардагері» газетіне жазылу барысы туралы сөз Роза Маратовна Айдарбековаға берілді. Роза Маратовна өз сөзінде 2024 жылға «Алатау ардагері» газетіне жазылу барысының аудандарда қалай ұйымдастырылғандығына тоқталды. Жамбыл, Қарасай, Ұйғыр, Кеген Іле аудандары мен Қонаев қаласы ардагерлер ұйымдарының баспасөзге жазылуды жоғары дәрежеде жүргізгендігін, өкінішке орай Балқаш, Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарында бұл жұмысқа аса мән берілмегендігін айтып өтті. Сонымен қатар қосымша индекс арқылы газетке жаздыруды жыл бойы жүргізуге болатындығын жиналғандарға хабардар етті. Келесі 2025 жылғы баспасөзге жазылу науқанында газетке балама жазылудың тиімді екендігін ұсынды. 2025 жылғы баспасөзге жазылудың тиімді жолдарының қарастырылып жатқандығын тілге тиек етті.

(Басы. Жалғасы 3-бетте)

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Ұйғыр ауданында тұрғындар екі жылдан бері ауыз суға қосыла алмай келеді

Алматы облысы Ұйғыр ауданы Қалжат ауылының тұрғындары екі жылдан бері ауыз суға қосыла алмай келеді. Ауылға арнайы барған Sputnik Қазақстан тілшісі мән-жайды біліп қайтты.



Қалжатта 2300 адам тұрады. Оның 70%-і 1976 жылы тартылған 9 колонкадан су ішеді. Ал 25%-і ұңғымадан су алады, қалған 5 проценті бұлақтың суын ішіп отыр.

«Қалжат ауылының халқын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша 2021 жылдың III тоқсанында «Дәнекер» мердігерлік компания жұмысын бастаған. Ауылдың ішкі көшелерінде қазу жұмыстары 2021 жылдың тамызы айынан бастап желтоқсан айына дейін жүргізілген. 37 шаршы шақырым жер қазылып, су келетін шланг тартылды, 2000 шақырым жерге абоненттік шланг, 20 дана құбыр тартылды», - дейді Қалжат ауылының әкімі Әлімжан Зайытов.

Бұл жұмыстарға 2021 жылы 230 млн теңгедей бөлінген, жыл соңына дейін қаражат толық игерілген. 10-11 адам жұмыс істеген. Алайда, қазылған шұңқыр да, тартылған құбыр да сол күйі қалған.

«Былтыр қыркүйек айында толығымен жұмыс тоқтады. 2023 жылы тамыз айында «Дәнекер» мердігерлік компаниясының атқарған жұмыстары қанағаттанарлықсыз болғандықтан келісім шарт аудан әкімінің келісімімен тоқтатылды», - дейді Әлімжан Зайытов.

40 иностранцев-незаконно выявили в Алматинской области

Сорок иностранцев незаконно трудились на мусорном полигоне в Алматинской области, сообщает Total.kz.

Сотрудники управления по противодействию экстремизму совместно с управлением миграционной службы ДП Алматинской области в период проведения ОПМ «Мигрант» на территории мусорного полигона, расположенного в Илийском районе, задержали 40 граждан Республики Узбекистан, при проверке у которых при себе не имелись документы, удостоверяющие личность.



Коронавирус қайта орады: қазақстандықтарға беттерде кино режиміне көшу ұсынылды

Қазақстанда коронавирус жұқтырғандар саны артып келеді. Ең көп жағдай Алматы мен Астанада тіркелді. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.



Денсаулық сақтау министрлігі санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің хабарлауына, Қазақстанда өткен жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда

2024 жылдың қаңтарында коронавирус жұқтырғандар саны 2,5 есеге өсті.

«2024 жылдың 26 қаңтары мен 1 ақпаны аралығында бір апта ішінде республикада COVID-19+ инфекциясының 144 және COVID-19- инфекциясының 11 жағдайы тіркелді. Ауру дерегінің 26 жағдайға өскені байқалды. Сондай-ақ жаңа жағдайлардың ең көп дерегі Алматы (37) мен Астанада (21) тіркелді», - делінген хабарламада.

Қазақстанның барлық өңірлері «жасыл» аймаққа енді. Жұқпалы аурулар төсектерінің толтырылуы 1 пайызды құрап, үш наукас стационарда емделіп жатыр.

Более 2500 гектаров земли вернули в госсобственность в Конаеве

В Конаеве с начала года в госсобственность возвращено более 2500 гектаров земли, а в прошлом году - 15 тысяч га, передает корреспондент агентства Kazinform.



В прошлом году 15 000 гектаров земли были переданы государству. Работа в данном направлении будет продолжена и в дальнейшем. Уже сейчас на рассмотрении находятся 5 участков общей площадью 1430 гектаров, - сообщили в акимате города.

В прошлом году в Алматинской области государству возвращено 224 тысячи гектаров земли.

15-ақпан Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына - 35 жыл!

АУҒАНСТАН – ЖҮРЕКТЕГІ ЖАРА

«1979 жылы 12 желтоқсанда Кеңес Одағы басшылары Ауғанстанға Кеңес әскерін енгізу туралы шешім қабылдады. Сөйтіп, 1979 жылы 27 желтоқсанда КСРО әскерлері Ауғанстан шекарасынан өтіп, онда 1989 жылдың 15 ақпанына дейін соғыс қимылдарын жүргізген» дейді тарих беттеріне үнілсек.

Бүгінде Ауғанның сол жарасын қопарғым келмейді. Бірақ тарихты санаңнан өшіре алмайсың. Сол бір жылдары Ауғанстанға аттанған ауыл азаматтары аман-сау елге оралып, ұрпақ тәрбиелеп, туған жерінің өркендеуіне, көркеюіне өз үлестерін қосуда. Солардың қатарында үлгірғастық Сикымбаев Әли, Әжібаев Ермек, Тәжібаев Дүйсехан, Атшабаров Қанат сынды ардагерлеріміз бар. Әжібаев Ермек 1961 жылы дүниеге келіп, Сарыбастау орта мектебінде білім алып, 18 жасқа тола сала әскер қатарына шақырылады. Әскери борышын Тәжікстанның Душанбе қаласында 201-ші мотокыштар полкінде әскери міндетін атқарған.

- 1979 жылдың 22-желтоқсанында дабыл беріліп, Термез қаласына бет алдық, - дейді бізбен әңгімесінде Ермек Әжібаевтің өзі. - Үш күн бойы өзбек-ауған шекарасындағы Әмудария өзені арқылы өтетін пантонды көпірде жөндеу жұмыстары жасалып жатқанда әскеріміз қайта жасақталып, 1979 жылдың 26- желтоқсан айында шекарадан өттік. Ауған жеріндегі Құндыз провинциясында әскери міндетін атқардым. Файзабат, Бағлан, Толукан провинцияларында болған ұрыс қимылдарына қатысып, қызмет барысында тапсырмаларды орындауда алғыр, үздік әскер қатарында болдым. Сондай бір тапсырма барысында, 1980 жылы қанды шайқас кезінде екі бірдей жолдасымнан айрылып қалдым. Осындай жайттар, көрген қиындықтар ерте есеюіме, тұлға болып қалыптасуыма да әсер етті. Отанымнан қашықта жүрсем де туған жерімді, жақындарымды жиі еске алатыным. 1981 жылы 19-мамырда әскер қатарынан еліме оралдым. Сол Ауған соғысында жараланып, мүгедек болып қалдым. 1984 жылы отау құрып, жұбайым екеуіміз бес баланы тәрбиелеп өсірдік.

Өзім осы Үлгіртас ауылдық кітапхананың менгерушісі, әрі аналар кеңесінің төрайымы



қызметін қатар алып жүргендіктен бе, осы ауылдан шыққан Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу ұйымдастырып, олардың өмір тарихын жастар мен оқушыларға үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие ретінде дәріптеймін. Осындай ел ағалары, ардагерлеріміз Сыйқымбаев Әли, Тәжібаев Дүйсехан, Атшабаров Қанат ауыл тірлігіне етене араласты. Қазіргі таңда ауылымызда 17-18-ге тарта ардагеріміз бар. Бүгінде Жамбыл ауданының «Бача» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ибраһимов Сәліш деген азаматымыз ардагерлер жұмысына басшылық тізгінін қолына алған. 2024 жыл бастала сала адагерлерімізді еске алу, сый құрмет көрсету іс-шараларына қызу кірісіп те кетті. Қайтыс болған ардагерлердің отбасына тиісті көмек жасалынды. Бар мақсатымыз-ел бірлігі мен ынтымағы сақтап, өнегелі ұрпақ тәрбиелеу.

Кұлшара АСЫЛБЕКОВА,
Үлгіртас ауылдық аналар
Кеңесінің төрайымы,
кітапхана менгерушісі,
Жамбыл ауданы

СІЗДЕРМЕН МАҚТАНАМЫЗ!

Үстіміздегі жылы Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толды. Адамзат тарихында қанқұйлы оқиғалардың бірі Ауған соғысы екендігі жасырын емес. Бұл соғысқа Қазақстаннан көптеген ер-азаматтар аттанып, өздерінің интернационалдық борышын өтеп қайтты. Солардың қатарында Іле ауданы Боралдай кенттік округінен де азаматтар бар. Олар бүгінде еліміздің әр саласында еңбек етумен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, тәлімді тәрбиесімен жастарға үлгі-өнеге көрсетуде.

Осыған орай Ахматходжаевич Фуркат Азамов, Михайил Юрьевич Овчинников, Қанат Мұратұлы Дүйсеминов, Имдат Муслимович Фараджулаев, Николай Андреевич Сивопляс, Олег Торфимович Эм және Боралдай округіндегі барлық интернационалист жауынгерлерді өздерінің төл мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Әрдайым табыс пен абырой биігінде болып, жас ұрпаққа өнеге көрсетіп жүрген Сіздермен біз мақтанамыз.

Нұрлан ШОРМАНОВ,
Боралдай кенті ардагерлер
ұйымының төрағасы,
запастағы полковник



ЕРЛІКТЕРІ – ӨНЕГЕ

13-қаңтар күні 36-орта мектепте «Ауғанның от жалыны» атты мектеп оқушыларының ауған соғысы ардагерлері мен кездесуіне байланысты тәрбиелік мәні бар салтанатты жиын болып өтті.

Жиынның мақсаты ауған соғысы ардагерлерінің ерлігін оқушыларға үлгі ете отырып, оқушыларды адамгершілікке, Отан сүйгіштікке, ерлікке баулу.

Кездесуді мектеп директоры Ж.Айдарқұлов сөз сөйлеп ашты.

Келесі кезекте сөз алған Ащыбұлақ ауылдық округі әкімінің орынбасары Б.Қасымбекұлы ауған соғысы ардагерлеріне Кеңес одағы әскерінің ауған жерінен шығарылғанына 35-жыл толуына байланысты облыстық ауған соғысы ардагерлерінің ескерткіш медальдары және округ әкімінің Құрмет грамоталарын табыс етті.

Жиын барысында ардагерлер оқушылар-

дың алдын ала дайындап келген сауалдары бойынша толық қанды жауаптарын беріп отырды. Ара кідік оқушылардың ән билерін тыңдап, ұландардың қойылым дарында тамашалап отырды.

Кездесу соңында сөз алған округтегі аналар кеңесінің төрайымы Гүлжан Дауытқұлқызы, ардагер ұстаздар кеңесінің төрағасы Д.Жамалбеков өз сөздерінде ұйымдастырушыларға, ауған соғысы ардагерлеріне үлкен ризашылықтарын жеткізіп жатты.

Д.ЖАМАЛБЕКОВ,
Жапек батыр ауылы
Ардагер ұстаздар кеңесінің төрағасы

СОҒЫС ЖАРАСЫ ЖАЗЫЛМАЙДЫ

15 ақпанда Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл толады. 1979-1989 жылдар аралығында Ауғанстанда жарияланбаған соғыста интернационалистік борыштарын адал атқара білген Ауған соғысының ардагерлерінің ерліктері бүгінгі жас ұрпаққа үлгі-өнеге. Атаулы датаға орай «Алматы облысының Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Қанат Еренұлы МОЛДАБЕРГЕНОВПЕН әңгімелескен едік.

- Ауған соғысының көзлеген мақсаты не еді? Арада 35 жыл өтсе де бұл сұраққа толыққанды жауап берілген жоқ. Сондықтан Ауғанстан соғысын кешегі Кеңестік кезеңнің көзқарасымен емес, тәуелсіз ел ретінде қарасак нені сезінеміз?

- Бұл сауалға жауап берместен бұрын мына деректерге тоқтала кетсем деймін. 1979 жылы өзге елдің мүддесін қорғаған Ауғанстандағы шектеулі контингент әскерлері құрамында Қазақстаннан 22 269 жауынгер интернационалдық міндетін атқарды. Олардың 924-і сұрапыл шайқаста ерлікпен қаза тапты, 21 адам хабар-ошарсыз кетті, мыңдаған жігіт елге мүгедек болып оралды. КСРО құрамында Отан алдындағы міндетті арқаалаған қазақстандық жауынгерлер Ауған жерінде 10 жылға созылған соғыс қимылына қатысты.

Бұл соғыс-бір елдің ішкі саясатына басқа елдің араласуынан туындаған соғыс болды. Бірақ біздер қаламасақ та оның еріксіз куәгері болдық, ұрыс даласында қаншама қарулас жолдастарымыздан айырылды. Шындығына келсек, Ауған соғысының ардагерлері тарих көшінде қалған сол бір саяси ойын мен тұрлаусыз мүдделердің еріксіз құрбандары болды. Ал Ауғанстан соғысының Кеңес Одағына ешбір абырой мен даңқ әкелмегенін өзіңіз де жақсы білесіз. Ол соғыс 1989 жылы ақпандағы әскерлердің шығарылуымен аяқталған жоқ. Арада 35 жыл өтсе де, уақыттың өзі соғыс жарасын емдеуге

әлі күнге дәрменсіз болып келеді. Ең өкініштісі шайқас шебінде соғысты тұтандырушылар емес, майданда 18 бен 20 жас аралығындағы өрімдей жас жауынгерлер қаза тапқандығы.

- Майдан даласынан қанша жерлестеріміз туған жеріне оралмады? Олардың ерлік істері жас ұрпаққа қандай деңгейде насихатталып жүр?

- Зардабы мен залалы ауыр Ауған соғысының тарих қойнауына кеткенімен оның жарасы ешқашан жазылмақ емес. Осы соғыста Қонаев қаласы аймағынан 13, Іле ауданынан 17, Талғар ауданынан 11, Балқаш ауданынан 2, Еңбекшіқазақ ауданынан 6, Ұйғыр ауданынан 10, Қарасай ауданынан 6, Жамбыл ауданынан 6 адам қайтыс болды. Бір жауынгер із-түзсіз жоғалып кетті. Бұл өте ауыр қасірет. Оны ойлағанда тыныш ұйықтау мүмкін емес. Қаза тапқан барлық интернационалист – жауынгерлер қолбасшылықтың бұйрығын, өз Отанының берген тапсырмасы ретінде қабылдап, соны орындау жолында жауынгерлік антына адал бола білді.

Сондықтан да жас буынға Ауған ардагерлерінің өжеттігін үлгі ету, опат болған жауынгерлердің рухына тағзым ету, жас ұрпаққа есімдерін қастерлеуге тәрбиелеу, дәріптеу – бүгін де, ертең де біздің басты парымыз болып қала бермек.

Ауғанстандағы соғыс ардагерлері мен мүгедектерінің, сондай-ақ қаза тапқан интернационалист жауынгерлердің отбасыларының заңды құқықтарын мен мүдделерін қорғауда, оларға құқықтық, материалдық және моральдық көмек көрсету әрдайым біздің назарымызда болып келеді.

Қоғамдық бірлестіктің жарғысы бойынша хал-қадіріміздің жеткенінше әскери ұрыстың ардагерлері мен мүгедектеріне медициналық және әлеуметтік көмек алуға, білім алуға, жұмысқа орналасуға, тұрғын үй және тұрмыстық жағдайларын жақсартуға, олардың заңнамалық белгіленген құқықтары мен артықшылықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесуге, кәсіби оңалту, ардагерлердің физикалық және психологиялық жағдайын нығайтуға жұмыс істеудеміз.

- Ауған соғысы ардагерлерінің



мәртебесіне қатысты Үкімет тарапынан қабылданған толыққанды шешім шыққан жоқ. Бұның жылдар бойы созбалаңға салынып келе жатқандығының себебі бар ма?

- Бізде ең шешілмей келе жатқан мәселенің бірі- Ауған соғысы ардагерлерінің мәртебесі. Ауған соғысын сынаушылар бар. Олар Ауған соғысы ардагерлерін Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қатарына қойғысы келмейді. Мен айтар едім, Ауғанстанға барған жауынгерлердің барлығы берген анты мен парызына адалдық танытып, сол кездегі мемлекеттің бұйрығын орындады.

Екінші дүниежүзілік соғысында аталарымыз бен әкелеріміздің көрсеткен теңдесі ерліктері тарих бетінде өшпестей болып жазылып қалды. Кеуделерін оққа төсеген майдангерлердің қатары жыл өткен сайын сиреп қалды. Санаулы ардагерлердің көбісінің кездесу өткізуге, тіпті әңгіме айтуға денсаулығы көтере бермейді. Қазіргі кезде олардың ерлік пен елдік дәстүрлерін жалғастыратын, ұрпақ алдында тірі үлгі бола алатын, жолдарын жалғастырушы Ауған соғысының ардагерлері десем қателесе қоймаймын.

Біздер Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің орнын басу үшін, соған лайықты жауапкершілікті сезінеміз. Сондықтан Ауған соғысы ардагерлеріне Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен теңдей дәрежеде мәртебе берілуі керек. Сонда ғана олар заңна-

малық белгіленген құқықтары мен артықшылықтарын пайдалана алады. Қазіргі кезде Ауған ардагерлері тек Астана мен Алматы қалаларындағы арнайы әскери госпитальдерге ғана барып емделіп жүр.

Астанада өткен кеңесте Алматы облыстық Ауған соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігінің тарапынан 5 тармақтан тұратын ұсынысымызды білдірдік. Осы ұсыныстарда ардагерлерге жылына бір рет курорттық шипажайларға жолдамалар беру, жер салығын қайтадан қарау, пәтер мәселесін шешу, әлеуметтік-тұрмыстық жеңілдіктер жасау сияқты мәселелерді қарастырдық. Егер «Ардагерлер туралы» заңға жаңадан өзгерістер мен толықтырулар енгізілсе, ауғандық ардагерлер де әлеуметтік жеңілдіктерге қол жеткізеді.

- Келесі аптада Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанының 35 жылдығы елімізде кеңінен аталып өтеді. Өздеріңіздің тараптарыңыздан қандай дайындықтар жасалуда?

- Өткен жылы Астанада Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл толуына арналған іс-шараларды дайындау және өткізу жөніндегі ведомстваралық жұмыс тобының кеңесі өткен болатын. Осы жиында генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдинов отырысқа қатысушыларды Қорғаныс министрлігінің жастармен жүргізіп жатқан жұмысы туралы және мүдделі ведомстволар басшыларының бірлескен бұйрығымен бекітілген «Біртұтас ұлт – біртұтас әскер» жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру бағдарламасының қағидалары туралы хабардар етті. Осыған орай Алматы облысының барлық аудандарында түрлі форматтағы кездесулер мен іс-шаралар жоспарланды. Жыл басынан бері Ауған ардагерлері колледждерде, мектептерде, кітапханаларда студенттермен және мектеп оқушыларымен кездесулер өткізуде. Сондай-ақ аталмыш датаға байланысты түрлі спорттық шаралар ұйымдастырылуда.

Ауғанстандағы жауынгерлік іс-қимылдарға қатысып, әскери борыштарын абыроймен орындаған бәрімізге ортақ қасиет – әскери анта адалдық. Бүгінгі таңда әскери бөлімдерде қызмет етіп жүрген Отан қорғаушыларының ардагерлерден үйренетін нәрссі

көп. Бұның ішінде батылдық пен шыдамдылық, төзімділік, Отанға деген сүйіспеншілік және басқа да адами және кәсіби қасиеттер бар.

Осы бағытта әскери бөлімшелердің жеке құрамымен Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның Халық қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағанбетов пен аты аңызға айналған ұшқыш, екі мәрте Кеңес Одағының батыры Талғат Бигелдиновтың 100 жылдықтарына орай кездесулер жыл соңына дейін жалғаса бермек.

Қазіргі таңда Алматы облысында 1066 Ауған соғысының ардагерлері бар. Олардың барлығына «Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл» төсбелгісі табысталады. 15 ақпанда облыстың барлық аудан, қалаларында Ауған соғысына арналған мемориалдық тақталар мен ескерткіштері алдында арнайы жиындар өткізіліп, батырлар рухына тағзым етіледі.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев атаулы күнге орай облыстағы Ауған соғысы ардагерлерін қабылдап, кездесу өткізеді. Одан ары қарай облыс орталығы Қонаев қаласының мәдениет үйінде салтанатты іс-шара жалғасын табатын болады.

- Қандай тілек айтар едіңіз?
- Бүгінгі күннің биігінен қарап отырсаң, 10 жылға созылған сол соғыстың зардабын тартқан ардагерлердің ең кішісінің жасы – 60-қа таяса, офицер болғандары қазір жетпістен асып, сексенге келді. Өмірлерінің өлшеулі бір бөлігін, жалындаған жастық шақтарының жартысын оқ пен от арасында өткізіп, елге аман-сау оралу, туған жермен аман-сау қауышудың өзі бір бақыт екенін соғысқа қатысқандар ғана біледі.

Соғыстың үлкен, кішісі және жақсысы болмайды. Оны бүгін Украина мен Ресей, Израиль мен Палестина арасындағы соғыстан көріп отырмыз. Тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуын, аспанымыздың ашық, еліміздің амандығын, жеріміздің тыныштығын ал Ауған соғысының ардагерлеріне зор денсаулық, ұзақ гұмыр және отбасыларының амандығын тілеймін.

- Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМУЛЫ

Кенен Әзірбаевтың туғанына-140 жыл

ХАЛЫҚ АҚЫНЫНА ҚҰРМЕТ

Алматы облысы әкімінің қолдауымен Қонаев қаласында Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының қазақтың әйгілі халық ақыны, композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Кенен Әзірбаевтің 140 жылдығына орай «Туған жер» атты концертті өтті. Бұл игі шараның бет пердесін Алматы облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама бөлімінің басшысы Гүлнұр Келісқызы Домбай ашты.

- Сан өнерді жарастырып тең ұстаған ұлы өнерпаз, әрі ел мұрасын сақтаушы үлкен қайраткердің есімін ел есінде жаңғырту-біздің азаматтық парызымыз. Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылып отырған Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері Кенен Әзірбаевтың 140 жылдық мерей тойы құтты болсын!,-деп сөзін бастаған Гүлнұр

Келісқызы облыс әкімі М.Сұлтанғазиевтің ыстық ықыласын жеткізіп, құттықтау хатын оқып берді. Бұдан соң көненің көзі, алтынның сынығы, Қазақстан Республикасының «Халық ағарту ісінің үздігі», «Мәдениет қайраткері» белгісінің иегері, Алматы облысының, Іле ауданының және Жамбыл облысы Қордай ауданының Құрметті азаматы Төрткен Кененқы-



зын сахна төріне шақырып, иығына шапан жауып, гүл шоғын сыйлады. Төрткен Кененқызы өз сөзінде әкесі Кенен Әзірбаевтың туғанына 140 жыл толуына орай Алматы облысы әкімінің осындай тамаша кешті ұйымдастыруға қолдау көрсеткеніне алғысын айтып, ризашылық білдірді. - Қалқам, әнші боларсың, болмасың, менің әндерімнің мұқам-сазын өзгертпей айтарсың! Шамаң келсе нотаға түсіріп, кітап етіп шығар! Менің оншақты әнімді халық білгенмен, қалғанын естіп көрген жоқ. Мұрам саған аманат!- дейтін еді, деп сөзін жалғастырды. - Баланың үлкені болған соң әкем мені қайда барса да, қасынан тастамайтын. атпен жүрсе алдына мінгестіріп

алады. Той-жиынның бірінен қалдырмайды. Қырықтықшыларға, шөпшілерге, егіншілерге барады. Солардың бәріне барып, халықтың көңілін көтеріп, жалқауларға «ұмтыл жалқау алға бас, ұмтыл, жалқау, ұйқыңды аш», деп, жақсыларды мақтап өлең айтушы еді. «Мен – Кенен Әзірбаевтың қызымын» деп, кеуде керең емеспін. Таныған жұрт көрген жерде құрметтеп жатады. Танымаса, дәлелдеп, әңгіме етіп те жатпаймын. Қарапайымдылық – маған әкемнен дарыған қасиет. Сондықтан атақ-даңқты желеу етіп, жеке пайданды кәдеге асырмаппын. Қазір сексеннің сегізінше шықтым. Еліме жұрттыма ризамын. Әкемнің атында мектептер, көшелер бар. Мақсатым-әке мұра-

сын қаз-қалпынша келешек ұрпаққа мұртын бұзбай жеткізу. Кеш барысында филармония өнерпаздары, басқа да шақырылған әншілер ақынның ұлттық нақыш пен бояу иірімге бай, жігерлі жалынды, әсем де асқақ әндерін шырқады. Атап айтқанда, К.Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының әртісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақыт Шадырбаев «Сағындым Кенен атамды» және Д.Қонаевқа арнаған «Дәуір тұлғасы» әнін орындаса, ҚР Мәдениет саласының үздігі Төрткен анамыздың шәкірті Шолпан Даржанова Кенен Әзірбаевтың «Гиги-гай» әнін, өз шәкірті Жасұлан Өтемұратов «Тік шырқау» әнін орындады. Жиналған жұрт әсіресе «Құрмет» орденнің иегері, ҚР Мәдениет қайраткері Өмірқұл Айниязовтың «Бұлбұлым», Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Саят Медеуовтың «Бозторғай», «Көкшолақ» әндерін үлкен ықыласпен тыңдады. Халық өте риза болып тарқасты. Осы кешке Іле ауданы, Өтеген батыр ауылынан Төрткен Кененқызы ұйымдастырған Әлібек Нұрқожа атындағы халық ансамблі қатысып, тілектерін білдірді. Даланың ең асыл қасиеттерін ән тілімен бүгінгі өмірімізге жеткізген бақытты заманымызды асқақ жырлаған Кененнің әндері уақыт талғамайды. Олар бірлікке, ерлікке, сұлулыққа, адалдыққа жетелейді.

М.ЖӘБИЕВА.



Ардагерлердің кезекті отырысы

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР САРАЛАНДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Үшінші мәселе бойынша Алматы облысы ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Илияс Сейтбекұлы Сүгіров өз сөзінде 2023 жылдың 23 қарашасында «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Түркістан облыстық филиалы жанына құрылған «Әжелер алқасының» 10 жылдығын кеңінен атап өтіп, «Әже- ұлт ұйтқысы, тәрбие бесігі» тақырыбында «Аялы әже» облыстық форумы өтіп, осыған байланысты «Аялы әже» мүсін-танбасының жасалғандығын жиналғандарға баяндап берді. Әжелер мектебін дамыту тәжірибесін басқа өңірлерде де насихаттау үшін алғашқы эстафета Жамбыл облыстық ардагерлер кеңесіне табысталған болатын. Жамбыл облысы өз кезегінде бұл символды Алматы облысына табыстады. Осыған орай Илияс Сейтбекұлы «Аялы әже» мүсін-танбасын Жетісу облысына ресми тапсыру жөнінде сөз сөйлеп, Жетісу облысынан келген Кербұлақ аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Рыспеков Бөкен Қабиұлына эстафета тапсырды.

Президиум отырысын қорытындылаған Алматы облысы ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов бастауыш ардагерлер ұйымының жұмысын жандандыру, жиналыстарды өткізгенде регламентке көңіл бөлу, бастауыш ардагерлер ұйымдары арасында байқау ұйымдастыру мәселелеріне кеңінен тоқталды. Ерболат Сапарұлы байқаудың 2 кезеңнен тұратындығын, 1 кезеңді аудандарда өткізіп, жеңімпаздарды облыста өтетін 2 кезеңдегі қорытынды байқауға жіберу туралы айтты. Сондай-ақ, бастауыш ардагерлер ұйымының жұмысын жандандыру үшін әр ауданда семинарлар өткізуді қолға алудың қажеттілігіне мән берді. Жастармен жұмыс жүргізуді жандандырудың күн тәртібінен түспейтіндігін, ол үшін алдағы уақытта облыстық жастар басқармасымен бірлесіп, аудандарда жастар ұйымдарын құрудың қолға алынатындығын қысқаша баяндады.

- Ендігі жерде аудандық ардагерлер ұйымдары арасында рейтинг жүргізуді қолға алуымыз керек. Қазір оның ережесі дайындалып жатыр. Ереже дайын болғанда сіздерге жіберілетін болады. «Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының 2024 жылға жылдық жоспары бекітіліп, барлықтарыңызға жіберілді. Осыған сәйкес, сіздер де бекітілген жылдық жоспарларыңызды тапсырыңыздар. Ақпарат және мәліметтерді уақтылы орындалуын бақылауға алыңыздар, -деп сөзін аяқтады Ерболат Сапарұлы.

Президиум соңында Қонаев қаласы ардагерлер ұйымының төрағасы Амангелді Беспәев «Ата-баба дәстүрі-ұрпаққа аманат» атты шараны Шенгелді ауылында өткізуді ұсына, Іле аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Исәев арагер ұстаздар арасынан ұйым құрып, сол ұйыммен бірлесе жұмыс жүргізудің, ал Жамбыл аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Б.Мендебаев жастар ұйымының жұмысын жандандырудың қажеттілігін айтты.

Иә, қай уақытта болмасын ардагерлердің мол тәжірибесі мен өмірден түйген, көрген-білгендерінің өзі-бүгінгі ұрпақ үшін таусылмас қазына. Алматы облысындағы аға ұрпақ өкілдері жастарға тәрбие беріп, өздерінің нақты істерімен, өмірлік ұстанымдарымен үлгі-өнеге көрсетіп, елдің ынтымағы мен бірлігін сақтау жолында аянбай еңбек етуде.

Р. ЕЛКБАЕВА.

Алим Кебиrow – 100 жаста



ЕР ЕСІМІ - ЕЛ ЕСІНДЕ

Жаңа жылдың алғашқы күндері аудан халқы үшін жағымды жаңалықпен басталды. Ұлы Отан соғысының ардагері, ауданның, облыстың құрметті азаматы Алим ака Кебиrowтың 100 жылдық мерейтойы аудандық мәдениет үйінде салтанатты түрде аталып өтті. Лимузин көлігімен, бар сән-салтанатымен шараға келген қария алдыңға қатардан орын алды. Әлі тын, жүріс-тұрысы ширақ.

Қол шапалақтарымен қарсы алған қауым бір сәт сахнадан ұсынылған бейнефильмге назар аударды. Шығармашылық орталығы балаларының орындауындағы «Соғыс болмаса екен» әні ардагерге арнау секілді естілді. Батырлығымызды көрермендер орындарынан тұрып, қол шапалақтарымен сахна төріне шығарды. Шараны жүргізушілер Ұлы Отан соғысының 1941-1945 жылдары елімізден қанша адам қатысқанын, қаншасының жер жастанғанын, оның ауыр зардаптарын әңгімеледі. Алим Кебиrow ақсақалдың туған күнінен бастап бір ғасырлық өмір жолынан деректер айтты. Соғыстағы басып өткен жолдары мен ерлік істерін, ондағы алған наградalarını санамалап шықты. Бейбіт өмірдегі еткен еңбектері мен өсірген ұл-қыздары туралы мағлұмат берді. Көзі

тірі ақсақалдың осындай бейбіт өмірде мамыражай елде тұрып жатқандығын бақытқа балап, аудан халқының мақтанышы екендігін жеткізді. Соғыстың сол кезеңдердегі Кеңестер Одағына әкелген қасіреті мен қайғысын, шайқалған шаңырақ пен жетім қалған балалардың тағдырын әңгімелеп бір сәт тарих қойнауына енгізді.

Сонан соң алғашқы құттықтау сөзін айту үшін сахна төріне аудан әкімі Бота Елеусізова көтерілді. ХХ ғасырдың ең қасіретті, адам өмірін көп жалмаған соғыстың бірі Ұлы Отан соғысы екендігін айтқан аудан басшысы сол кездегі адамдардың ерлік істері мен табандылықтарын, қайсарлықтарын мен батылдықтарын әңгімеледі. Қан майдан қар жастанып, мұз төсенген отты жылдары біздің ауданнан 4461 жауынгер соғысқа аттанып, оның 1786 адамы соғыста қаза болғандығын, біздің ауданнан 1942 жылы аттанған қатардағы жауынгер Алим Кебиrowтың да болғандығын айта келе, атамның ерлік істерін мадақтап, бір ғасырлық тойымен шын жүректен құттықтады. Барша аудан халқының атынан автокөліктің кілтін табыс етті. Атаға мықты денсаулық

жөніндегі бөлім бастығы, полковник Әділханов Асылбек шығып, атаны 100 жылдық тойымен құттықтап, өзіне аманат етілген құттықтау хатын табыс етті. Ұлттық құрылтайдың мүшесі Шаһмардан Нурумов Қазақстандағы ұйғыр ұлтының ең бақытты екендігін, ұлттық театры, республикалық деңгейде газеті, ұлттық мектептері бар екендігін мақтанышымен жеткізіп, Алим Кебиrowтың 100 жылдығын үлкен салтанатпен өткізіп беріп отырған аудан әкімшілігіне, оның өтуіне мұрындық болған аудан әкімі Бота Серікқызына алғысын арқалатты. Ауызбіршілік пен татулық, достық пен сыйластық орныққан еліміздің болашағына зор сенім артып, ауданның өркендеп, дамуына тілектес екендігін жеткізді.

«Арзу» халықтық ән-би ансамблінің мүшелері ұсынған Алим Кебиrowтың балалық шағынан бастап соғыстан аман-есен туған жеріне оралғанға дейінгі өмірбаянына хабар беретін сахналық қойылымы жиналғандарды селт еткізді. Бұл композиция бәрімізге бейбіт өмір сыйлаған ардагердің ерлігіне тағзым іспеттес шықты. Одан кейінгі концерттік бағдарламадағы «Дубасекө-



тілеп, арамызда әлі біраз уақыт амансау жүруін сұрады.

Майдангер атамның ризашылығын білдіріп, қалың қауымға алғысын айтты. Ақсақалдық батасын берді. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының төрағасы Ерболат Тұрымбетовтың құттықтауын жеткізу үшін сахна төріне аудандық филиалдың төрағасы Ербол Нұрсейітов шықты. Облыстың, ауданның ардагерлерінің атынан ыстық ықыласын айтып, «Алматы облысының құрметті ардагері» төсбелгісін қарияның кеудесіне тақты. Алматы облысы Қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығы, полковник Жұмашхан Нұрболдың құттықтауын жеткізу үшін сахна төріне аудандық қорғаныс істері

во зиратында», «Журавли», «Господа офицеры», «Смулянка», «Элия», «Ардагерлерім», «Қазақстаным» әндерін орындаған қыз-жігіттердің таланты мен талғамдарына көрермен риза болды. Аталарына осылайша әскери әндерден сый құрмет көрсетті деп бағаладық.

«Қариясы бар ел – қазынасы бар ел» дейді. Қарияларымызды құрметтеп, ардақтау, ардагерлерімізді мадақтау біз үшін парыз. Патриоттық сезімдерін шынайы іс жүзінде көрсете білген Алимдай аталарымыздың өмірлері бәрімізге өнеге болары даусыз. Бүгінгі кеш соны дәлелдеді. Дариядай сарқылмас қазыналы қарттарымыз барда біз бақыттымыз.

Баян МАМЫРБАЕВА,
Ұйғыр ауданы

«Афганское эхо»

ПОЛНОЕ МЕДОБСЛУЖИВАНИЕ ПРОШЛИ УЧАСТНИКИ ЛОКАЛЬНЫХ ВОЙН И КОНФЛИКТОВ

На днях в Отеген батыре, в районной поликлинике прошел так называемый «День открытых дверей». Его приурочили ко Дню вывода советских войск из Афганистана - 15 февраля 1989 года. 35 лет назад ограниченный контингент воинов-интернационалистов завершил свою миссию в ДРА – Демократической республике Афганистан. В данной необъявленной войне за 10 лет по разным оценкам погибло от 14 до 15 тысяч советских солдат и офицеров, сотрудников МВД и КНБ. «Афганский котел» прошли более 22 тысяч казахстанцев из которых почти 1000 человек пали в боях с моджахедами. В Отеген батыре героически погибшим на афганской земле землякам-илийцам посмертно установили мемориал по улице Батталханова.

К этой дате в т.г. разработан специальный план Министерства обороны РК вместе с другими министерствами и ведомствами. Но вернемся ко «Дню открытых дверей». На третьем этаже поликлиники, прямо в конференц-зале вели прием врачи различных направлений. Посетители – люди в военной (и в гражданской) форме. Такие привилегии в этот раз были предоставлены участникам локальных войн и вооруженных конфликтов: ветеранам афганской войны, а также служившим на таджико-афганской границе, в Нагорном Карабахе, в миротворческом батальоне в Ираке. Мы встретили в фойе поликлиники участника боевых действий в Нагорном Карабахе

Исахана Усейнова. В 1989 году, когда еще существовал Советский Союз, он призвался из Кызылординской области в город Баку Апшеронский район, станцию Ситальчай. Оттуда, по тревоге, их авиационная часть была переброшена в Нагорный Карабах, где солдаты пробыли до 1991 года. В 1988 тут уже вовсю шла партизанская война, переросшая в реальные боестолкновения. Нурлан Тюлебаев попал в город Степанакерт Нагорного Карабаха в 1990 году, прямо после вывода 366 полка из Германии. Год прослужил в «горячей точке», защищая мирных жителей от вооруженных боевиков и диверсантов. В 1988 -1989 г.г. несколько раз был в дли-

тельных командировках г. Шуше Азербайджанской ССР Адылхан Рахимбаев, бывший в то время курсантом Карагандинской высшей школы милиции МВД СССР. Участвовал в охране общественного порядка, стоял на блок-постах. После в звании лейтенанта вернулся в родной Илийский район в местное РУВД, где дослужился до звания полковника. Насчет данной акции председатель Алматинского областного филиала республиканского союза ветеранов и инвалидов Нагорного Карабаха Омиртай Смагулов выразил благодарность руководству районной больницы, поликлиники, а также госпиталю за добродушный прием врачами, за медицинское обследование, лечение, консультации. «Очень важная и нужная акция. Ряд льгот государство уже оказывает участникам локальных войн и конфликтов - это бесплатные путевки в госпиталь и санатории. Но в то же время хотелось бы, чтобы данная категория лиц положительно решила вопросы со льготным проездом на общественном транспорте, получением жилья, земельных участков под ИЖС, медицинским страхованием. Неплохо было бы раз в год выдавать бесплатный (либо льготный) проезд на железнодорожном транспорте и

перелет на самолете по Казахстану, отметил собеседник. Заведующая поликлиникой Елена Потапова проинформировала СМИ, что данная акция впервые проводится в Илийском районе, осуществлен углубленный медицинский осмотр всех участников локальных войн. Каждый ветеран мог без очереди попасть к лор-врачу, невропатологу, стоматологу, хирургу, кардиологу, окулисту, психологу и другим. При необходимости делались анализы, УЗИ, ЭКГ. «Всего в сельских врачебных амбулаториях района стоит на учете более 200 «афганцев», «карабахцев» и других, приравненных к ним граждан. Мы, медицинские работники, с уважением относимся к людям, прошедшим «горячие точки», видевшим смерть, рискуя своим здоровьем, спасавшим мирное население, честно выполнявшим свой воинский долг. Это, как в свое время подвиг ветеранов Великой Отечественной войны, являющийся примером подрастающему поколению нашей молодежи. Мы всегда, не только в «День открытых дверей», готовы помочь афганцам, участникам локальных войн. Данная категория граждан получает также лечение в военных госпиталях Алматы по электронному portalу», - заключил директор Илийской районной больницы, депутат районного маслихата Бауыржан Ыскак, пожелав всем здоровья. **Рамазан ЕЛЕШЕВ.** Илийский район

Кадры решают все

В ИНЖЕНЕРЫ Я ПОЙДУ. КТО МЕНЯ НАУЧИТ??

Недавно мы посетили ТОО «Фирма «БЕНТ», по приглашению заместителя директора учебного центра Назгуль Ибрагимовой. Как рассказала наша собеседница УЦ появился менее 2 лет назад.

Современный 2 этажный корпус построен прямо на территории завода, аккуратно слева от административного корпуса. Его общая площадь более 500 кв. метра. На первом этаже выставлены образцы бетонных напорных труб, (откуда и пошла аббревиатура БЕНТ.) Эти изделия завод выпускал во времена СССР для реализации государственной программы по мелиорации и водоснабжению засушливых и вододефицитных регионов страны. Здесь также пред-

является АО «Национальная компания Казахстан Темир жолы» Стоит также добавить что на территории функционируют два предприятия – это аккредитованная независимая испытательная лаборатория – ТОО «Центр сертификации «Standlab» имеющая все для необходимые сертификаты, нормативные документы и средства измерения для проведения анализов и испытаний в целях постоянного контроля качества выпускаемой продукции. Стоит отметить, что

Заместитель директора учебного центра рассказала, что сейчас из трех имеющихся классов задействован пока один. Он полностью оснащен новыми столами, стульями, демонстрационной доской, проектором, наглядными, цветными плакатами по технике безопасности. Тепловой и световой режим в классе соответствует санитарным стандартам. Занятия проводят специалисты завода. По окончании курсов выдается сертификат. Центр работает по заявкам районных центров занятости. Недавно например завершили трехмесячные курсы безработные направленные из Карасайского района, В заведении можно получить следующие профессии. Газоэлектросварщик, токарь, фрезеровщик, стропальщик, бетонщик, электрик, Всего 11 специальностей

Каждый безработный получает стипендию от государства, При наборе больших групп (от 20- до 30 человек) завод готов оказать инородным доставку своим транспортом от БЕНТА (с. КазЦИК) до центра Алматы и других мест, откуда они могут уехать домой. Данный учебный центр единственное заведение на территории всей Алматинской области обучающий по своим специальностям при действующем производстве. То есть, теоритические вопросы можно тут же совмещать с реальной практикой

Собственная программа профессиональной подготовки рабочих кадров – это правильный и социальный подход к проблеме руководства завода. В то же время, несомненно, этот вектор движения нуждается в поддержке со стороны исполнительной, законодательной власти, образовательного сообщества, СМИ. Важна профориентационная работа с выпускниками школ, колледжей, с демобилизованными солдатами, надо срочно поднимать престиж в обществе человека труда.

Назгуль Ибрагимова говорит, что на сегодня учебный центр загружен лишь на 5-10 процентов от своих возможностей. А ведь сам президент постоянно говорит о важности подготовки профессиональных-технических и инженерных кадров в нашей стране.

Например, вот недавнее высказывание Касым Жомарта Токаева на одной из сессий Мажилиса парламента РК: «Нужно изменить взгляд на образование. Пора увлечения гуманитарными специальностями прошла. Приоритет надо отдавать техническим профессиям. Предстоит взрастить новое поколение инженеров -промышленников.»



А вот другое высказывание нашего президента: «Казахи, молодые казахи, должны быть технарями. Это мое глубокое убеждение. Правительству следует детально проработать все эти вопросы. Если каждая финансово-промышленная группа поставит современный завод, обучит по тысяче – другой ребят из аулов, пригородов, даст им возможность честно зарабатывать, это уже серьезная гарантия социальной стабильности.»

Конечно, актуальную тему подготовки кадров мы не могли не затронуть и при встрече с президентом ТОО «Фирма «БЕНТ» Динмухамедом Кузиевым.

Мы обеспокоены этой проблемой уже более 30 лет. У нас тоже есть кадровый голод, текучесть, старение коллектива – рассказывает президент ТОО «Фирма «БЕНТ» Динмухамед Кузиев – Нужны десятки новых рабочих рук, на любой участок. Это сварщики, бетонщики, формовщики, крановщики, электрики, энергетика, инженеры-теплотехники. Даже на руководящие позиции дефицит. Большинство людей предпенсионного и запенсионного возраста. Например, нашему начальнику электроучастка уже более 70 (!) лет. Но замены

нет. На известном в Казахстане сайте поиска работы у нас два месяца висят объявления о вакантных должностях руководителей участков. Оклады, по местным меркам вполне приличны: от 350.000 тенге и выше, плюс бесплатное питание, развозка, другие бонус. Сейчас даже думаем на свободных площадях что – то оборудовать под слу-

жебное, рабочее общежитие. Чтобы не было проблем для иногородних, тех кто не имеет никакого жилья, арендовать его в городе. Так вот, про объявление. Можете себе представить: ни одного звонка не было! Ни одного! Это вызывает наше беспокойство и озабоченность. Кстати, вы первая газета, кто откликнулся на наше приглашение посетить учебный центр, и написать о нем. Спасибо вам. Мы не промышленно-финансовая группа, не нефтяная или горно-добывающая компания, но все что в наших силах, в плане подготовки кадров, как среднее ТОО, мы делаем. Взять тоже строительство учебного центра, куда мы вложили 100 миллионов тенге, и готовность предоставить площади любым заинтересованным организациям, сотрудничать с госструктурами. Президент дал известный посыл - готовить кадры для страны. Их требуется тысячи, сотни тысяч. Мы видим, что руководство страны создает все условия для этого, однако на наш взгляд, необходимо улучшать взаимодействие предприятий и Вузов, колледжей.-заклучил Динмухамед Кузиев.

Рамазан ЕЛЕШЕВ. Илийский район



ставлены образцы других изделий завода. В частности шпалы, скрепления, тубинги для метро и т.д

Для тех кто не знает, не читал, что же собой представляет сегодня завод БЕНТ? Немного истории. ТОО «Фирма «БЕНТ» - это завод по выпуску сложных железобетонных шпал, который функционирует с 1987 года. Основная деятельность завода, к слову, единственного в стране, это выпуск железобетонных шпал с рельсовыми скреплениями «SKL 14» и «SKLSL SUPER». Успешно освоено выпуск трех пластмассовых изделий верхнего строения пути. На сегодня «Фирма «БЕНТ» на собственной современной инфраструктуре, имеет возможность ежегодно выпускать железнодорожные шпалы с указанными скреплениями в количестве 800 000 комплектов в год. Основным заказчиком предприятия

предприятие постоянно внедряет новые направления деятельности и осенью прошлого года была создана новая производственная компания – ТОО «Автоклав КЗ», по выпуску автоклавного газобетона. Мощность производства технологической линии – 100.000 м3 готовой продукции, создано более ста рабочих мест.

Но вернемся к нашему учебному центру. Руководство ТОО «Фирма «БЕНТ» уже много лет испытывая дефицит рабочих рук самостоятельно решают кадровый голод. Недавно приняли решение построить на собственные средства учебный центр. Вложили в данный проект совсем нелишние для них 100 миллионов тенге, Промышленникам, в частности учредителю компании Дильмурату Пирмухамедовичу Кузиеву, думаю стоит сказать большое спасибо.

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады
ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310
ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661
Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.
Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады
Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.
Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.
МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымның бүгінгі санын таралымы – 6200, Тапсырыс №276 Индексі – 65472.